

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті  
Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасы

## СӨЖ

---

Тақырыбы: “Қоғамдық денсаулықпен байланысты медицинаның этикалық мәселелері. ҚР Президентінің жыл сайынғы халыққа жолдауындағы денсаулық тақырыбы”

Орындаған: Амантай А.

304 топ ЖМФ

Тексерген: Абубакирова Д.С.

Қарағанды 2012

## Кіріспе

Негізінде ҚР қоғамдық денсаулықпен байланысты медицинаның этикалық мәселелері жалпы қабылданған деонтологиялық талаптарға сай болуға бағытталған. Бұл жерде медициналық қызметтің компетенттілігі, медициналық қызметкер мен қаралушы немесе науқас арасындағы субординация, комплайенс, медициналық қызметтің сапасы сияқты мәселелерге өте өатты көңіл бөлінген. Ал ҚР Президентінің жыл сайынғы халыққа жолдауындағы денсаулық тақырыбы мәселесі әр жолдаудың **21-бағытында** жіті қарастырылып отырады. Соған сәйкес ҚР жыл сайын медицина саласында әр түрлі өзгерістер, өрлеулер болып отырады.



Қазақстан Республикасы  
Президентінің Қазақстан  
халқына Жолдауы



## 21 – бағыт. Медицина саласы

I Денсаулық сақтау саласындағы басқару, қаржыландыру, үйлестіру және бақылау механизмдерін қайта саралау арқылы медициналық қызметтің нәтижелігі мен сапасын арттыруға жету керек деп санаймын.

Медициналық мекемелердің **қоғам алдындағы ашық есептілігі** жүйесін де, әрі ішкі бақылау мен сыртқы аудит жүйесін де енгізген жөн.





II Орташа өмір жасының ұзақтығы деңгейін арттыру, ана мен бала өлімі көрсеткіштерін төмендету, туберкулезбен сырқаттану және АҚТҚ, ЖҚТБ дертіне шалдығудың етек алуын тежеуге бағытталған бағдарлама әзірлеу керек

III Бастапқы медициналық дайындық барлық мектептер мен университеттер оқу жоспарының міндетті бөлігіне айналуға тиіс. Осыған байланысты халықтың салауатты өмір салты мен денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі білімі мен хабардылығын арттыра беру міндет. Халық арасында спорттың бұқаралық сипат алуына және спортты насихаттауға ерекше ден қою керек.

**IV** Таяудағы үш жылдың өзінде мемлекеттік, жеке меншік серіктестік тетігін пайдалану арқылы Қазақстан өңірлерінде жүз аурухана салынатын болады.

---

**V** Халықтың қолы жетерлік медициналық және медициналық сақтандыру қызметінің бәсекелестік нарығын дамыту үшін көтермелеу шаралары әзірленуі шарт.

**VI** Халықтың қалың топтарының қолы жететін жоғары технологиялық денсаулық сақтау жүйесін жасақтауға кірісуге тиіспіз.



САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖҰЛДЫ





Осы орайда негізінен **төрт мәселе** басты назарға алынды.

**Біріншіден**, денсаулық сақтау министрлігі, бірінші кезекте, мектепке дейінгі мекемелермен мектептерде осы заманғы және жоғары технологиялық сырқаттың алдын алу мен анықтау өызметін жетілдіру, науқастарға медициналық консультациялар беру, әлеуметтік сырқаты бар сырқаттарды емдеу мен сауықтыру жүйесін әзірлеуге тиіс. Сондайақ дертті ерте анықтау мен одан сақтандыру жөніндегі жоғары технологиялы орталықтардың құрылуын көтермелеп отыру қажет.

**Екіншіден, мемлекеттік денсаулық сақтау органдарына жоғары сапалы ақпараттық технология жүйесін дамытуға, соның ішінде науқастардың ұлттық электрондық медициналық картотекасын жасау арқылы жәрдемдесуі керек.**



# Президенттің жеке тапсырмасы

Мен бүгін Үкіметке халқымыздың әл ауқатын жақсарту жөніндегі жұмысты жалғастыра беруді тапсырамын. Бұл үшін:

1 Ана мен баланы әлеуметтік қорғауға айырықша маңыз бере отырып, 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап, баланың тууына байланысты бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері 34740 теңгеге дейін немесе екі есе арттырылсын.

2 Жұмыс істейтін әелдер үшін жүктілікті, босануды және аналық кезін міндетті әлеуметтік сақтандыру енгізілсін. Бұл ретте декреттік демалыста және бір жасқа толғанға дейін нәресте күтімі жөніндегі демалыта жүрген кезінде олардың зейнетақылық жинақталуы жүргізіле беруі тиіс.

Бұл жәрдем ақыларды төлеу әлеуметтік салықты қайтп бөлу есебінен құралған. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражатынан жүзеге асырылсын. Бұған мемлекеттік бюджеттен қосымша 9,2 млрд теңге бөлуге бұйрық шығарамын

3 Үш жылдың ішінде жүз мектеп және жүз аурухана еліміздің нақ осындай нысандарына мұқтаж болып отырған өңірлерге салуды тапсырамын.

---

4 Медициналық қызметтің сапасын жақсарту және денсаулық сақтаудық жоғары технологиялық жүйесін дамытуға медициналық кұзырлы органдарға жеке тапсырамын.



## Қорытынды

ҚР Президентінің жыл сайынғы жолдауында ең өзекті мәселелердің бірі медицина саласы болып табылатынын көруге болады. Осы ретте президент медицина саласын әлемдік стандарттарға сай ету мақсатында барлық жолдарын қарастыруда және осы бағдарламаны жүзеге асыруға атқарушы үкіметке бұйрық береді. Осының астарында халықтың өмір жасын ұзарту, сырөаттылықты төмендету, әр түлі аурулардың алдын алу мәселесі жатыр. Мысалы, осы жылы “Саламатты Қазақстан” жүрдек поезы бағдарламасы өз ісін сәтті бастады.

**Қорытындылай келе,** ҚР Президентінің жыл сайынғы жолдауы қоғамда медицина саласына әр түрлі өзгерістер мен жаңалықтар енгізуге жол ашады. Жолдаудың нәтижесінде медицина саласы жыл сайын дами түседі

# Пайдаланылған әдебиеттер

1 [www1](http://www1) [www\\_1](http://www_1) [www.mz1](http://www.mz1) [www.mz\\_1](http://www.mz_1)  
[www.mz.gov](http://www.mz.gov)

---

2 [www2](http://www2) [www\\_2](http://www_2) [www.google2](http://www.google2)  
[www.google\\_2](http://www.google_2) [www.google.kz](http://www.google.kz)